

1941–1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

Ж.А. КАРСЫБАЕВА,

*Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ,
Қазақстан тарихы кафедрасы,
аға оқытушы, т.ғ.к.
Қарағанды қ., Қазақстан*

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан тарихнамасы кеңестік кезеңде жалпыодақтық тарихнаманың бір бөлігі болды. Сол себептен жалпы еңбектерде, сонымен қатар соғыс жылдарындағы республиканың тарихы бойынша әдебиеттерді талдаған арнайы зерттеулерде де қарастырылды.

Ұлы Отан соғысының тарихын зерттеуді негізгі үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең – соғыс жылдарынан бастап 1950 жылдар аралығын қамтиды. Екіншісі – 1956 жылдан КСРО ыдырағанға дейінгі кезеңді қамтиды. Үшінші кезең – Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезең.

Бастапқы кезеңде Қазақстан тарихнамасында қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы, еңбек тылындағы кеңес адамдарының даңқты істері сол кезеңнің өзінде мерзімді баспасөз беттерінде, оның ішінде одақ көлеміндегі түрлі баспасөз және бұқаралық насихат құралдарының беттерінде жариялана бастады. Сонымен қатар Қазақстан КП ОК-і үгіт-насихат бөлімінің қызметкерлері, ғылыми қызметкерлер мен жазушылар бірігіп жазған, 1943 жылы басылып шыққан ғылыми жинақта және «Қазақ КСР-інің көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихында» республиканың соғысқа қатысуы, ел экономикасының соғыс жағдайында қалыптасуы, сондай-ақ майдандағы қазақстандықтардың ерлігі көрініс тапқан [1]. 1942 жылдың басында-ақ КСРО ҒА-ның Тарих институтында Ұлы Отан соғысы бойынша арнайы комиссия, ал 1943 жылдан әскери-тарихи сектор жұмысын бастады. 1943 жылы соғыс тарихы бойынша материалдар жинау жөніндегі комиссия Қазақ-

станда да құрылды. Толық емес мәліметтер бойынша, республикада соғыс жылдарында аталған тақырыпқа арналған 150-ге жуық кітап, кітапшалар және журналдық мақалалар жарық көрген [2, 35].

Қазақстандықтардың соғысқа қатысуына арналған зерттеулердің дамуындағы екінші кезең деректанулық базаның кеңеюімен, жанрлық әртүрлілік және жұмыстардың ғылыми-теориялық деңгейінің біртіндеп жоғарылауымен сипатталды. Бұл біздің қоғамымыздың барлық өміріндегі хрущевтік жылымық кезеңнің нәтижесі болды. Сталиннің жеке басына табынушылықтың жойылуымен, саяси қысымның басылуымен, ғылымға жаңа күштердің келуімен байланысты болды. Алайда зертеушілердің бәрі де сталинизмнің догмалары, стереотиптері мен оның әдістемесінен бірден не болмаса толық ажыраған жоқ, бұл сол кезеңдегі ғылымның дамуында әлі де болса сезіліп тұрды.

Соғыстан кейінгі онжылдықта жарық көрген зерттеулерден Ғ.Әбішев, О.Малыбаев, А.Нүсіпбековтің еңбектерін атап өту қажет [3]. Бұл еңбектерде Ұлы Отан соғысы кезіндегі елдің дамуы, қазақстандықтардың майдан мен тылдағы жеңіске қосқан үлестеріне лайықты баға беріліп, «Қазақстан – майдан арсеналы» деген қорытынды жасалды. Тарихшы ғалымдар бұл еңбектерінде мерзімді баспасөз материалдарымен қатар мұрағат құжаттарын кең қолдана отырып, еліміздің майданға қосқан үлесін саралап берді.

Соғыстан кейінгі кезеңде атақты жауынгерлердің есімдері мен ерліктерін насихаттауда бірқатар еңбектер жарық көрді, олардың алғашқылары «Кеңес Одағының батырлары – қазақстандықтар» жинағына өмірбаяндық мәліметтер, марапат қағаздардың көшірмелері және соғыс жылдарының басқа да құжаттары мен материалдары енгізілді [4]. Сонымен қатар Кеңес Одағының Батырлары И.В. Панфилов, М.Ғабдуллин, В.Клочков, Т.Ж. Бигелдинов, Л.И. Беда, С.Д. Луганский, И.П. Павлов туралы да жұмыстар жарық көрді.

Қазақстандықтардың майдандағы ерлік істері мен тыл еңбеккерлерінің қажырлы еңбегі «Қазақ КСР тарихының» 1959 жылы және 1963 жылы жарық көрген басылымдарында келтірілді.

И.В. Сталиннің жеке басына табынушылықты әшкерелеген Кеңес Одағының Коммунистік партиясының XX съезінен кейін зерттеушілердің мұрағаттарда жұмыс жасау мүмкіншілігі кеңейіп, жалпы тұжырымды еңбектер мен монографияларды даярлау үрдісі біршама қарқынды дами бастады. 1950 жылдардың соңы мен 1960 жылдардың басында 6 томдық «1941–1945 жж. Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысының тарихы» және 12 томдық «1939–1945 жж. Екінші дүниежүзілік соғыс тарихы» жарық көрді.

Жалпы, тарихшы-ғалымдар Т.Балақаев пен Қ.Алдажұмановтың мәліметтері бойынша Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы туралы 1941 жылдан бастап 1979 жылға дейінгі аралықта 25 монография, 11 мақалалар жинағы, құжаттар мен естеліктер, 200-ге жуық ғылыми мақалалар, 20-дан астам естеліктер мен шағын кітапшалар жарық көрген [5, 115].

Соғыс жылдарындағы Қазақстанның колхозшы шаруаларының Жеңіске қосқан үлесі, олардың майдан мен тылды азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикізатпен жабдықтау жөніндегі рөлі туралы мәселеге Т.Балақаевтың монографиясында ерекше назар аударылды. Сонымен қатар Т.Балақаев пен Қ.С. Алдажұмановтың бірлескен еңбегінде эвакуацияланған тұрғындардың ауылшаруашылық өндірісіндегі қосқан үлесі, малды эвакуациялау және орналастыру, республика колхоздарының азат етілген аудандарға көрсеткен көмегі кеңінен көрсетілді [6]. Ауыл мен қала арасындағы байланыс түрлеріне, бақташылық мал шаруашылығы мәселелеріне, колхоз саудасына, сонымен қатар соғыс жылдарындағы колхозшылар арасындағы партиялық-саяси жұмыстардың түрлері мен әдістеріне көп көңіл бөлінді. Жергілікті партия ұйымдарының жұмысы, комсомол ұйымдарының қызметі туралы А.В. Шошенко, С.Каймолдин, И.Спиридоновтың еңбектерінде қарастырылды.

Бұл кезеңде жарық көрген еңбектердің ішінен республика ауыр өнеркәсібінің дамуы туралы жазған В.Я. Басиннің, Л.А. Пинегина мен С.А. Федюкиннің, Г.Чулановтың, Т.Шәукенбаевтың Орал-Ембі мұнайлы ауданы туралы және Қазақстанның жалпы мұнайлы өнеркәсібінің

дамуы туралы жазған еңбектерін бөліп айтуға болады [7]. Ф.Михайлов пен К.Оразов еңбектерін соғыс кезеңіндегі кадр мәселесіне, бірінші кезекте өнеркәсіп пен көлік саласы үшін қажет кадрларды даярлау мәселесіне арнаса, ал Г.Нұрбекованың зерттеу жұмысы соғыс жылдарындағы әйелдер мәселесін қамтыды.

Жекелеген жұмыстар біздің республикамыздағы денсаулық сақтау ісінің хал-жағдайына және госпитальдардың қызметіне арналды. Мәселен, Қазақстандағы денсаулық сақтау ісі мен санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің тарихы жөніндегі Р.И. Самарин мен А.Р. Чокіннің және госпитальдерді қабылдау, орналастыру және емдеу қызметтері туралы М.А. Жақыпованың еңбектерін атап өтуімізге болады [8].

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан тарихын зерттеуде М.Қ. Қозыбаевтың еңбектерін ерекше атап өту керек. «Қазақстан – майдан арсеналы», соғыс жылдарындағы Қазақстан Компартиясының дамуы туралы еңбектері өз кезегінде ғылыми қауымдастықта жоғары бағаланған еңбектер болды. Зерттеушінің соңғы онжылдықтарда жарық көрген еңбектерінде соғыс тақырыбының ақтандақ беттері мен зерттелуге тиіс мәселелері айқындалып берілді [9].

Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы майдандарындағы жауынгерлік жолы Б.Момышұлы, Ә.Нұршайықовтың еңбектерінде толық көрініс тапты [10].

1960 жылдардан бастап халыққа білім беру жүйесінің, ғылымның дамуы, республиканың мәдени өмірін арнайы зерттеу ісі жолға қойылды. Қ.И. Сәтбаев, М.Қ. Қозыбаевтың мақалалары, Ш.Есенов, Р.Сүлейменов пен Н.Едігеновтің, А.Бисенбаевтың жұмыстарында соғыс жылдарындағы ғылымның дамуына қатысты мәселелері қарастырылса, ал Ә.Шәріпов, А.Сембаев, Н.Итбаев және басқа зерттеушілер соғыс жылдарындағы мектеп өмірі, ондағы оқу-тәрбие және еңбек қызметі туралы жазды.

XX ғасырдың 60–80-жылдарында соғыс кезінің құжаттарын жариялауға көп көңіл бөлінді. 1968 жылы Қазақ КСР ҒА-ның Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты Қазақ-

стан КП ОК-і жанындағы Партия тарихы институтымен, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас Мұрағат басқармасымен және журналист, жазушылармен бірігіп, «Кеңес Одағының батырлары – қазақстандықтар» атты екі томдық еңбекті шығарды. Сонымен бірге осы кезеңде екі томдық «Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза. 1941–1945 гг.» көлемді құжаттар жинағы жарық көрді. Оның бірінші томында соғыс басталған 1941 жылдың маусымынан 1943 жылға дейінгі аралықтағы соғыс тарихына қатысты құжаттар мен деректер жинақталса, екінші томында 1944–1945 жылдарға қатысты мәліметтер топтастырылды.

XX ғасырдың 50–90-жылдар аралығында Ұлы Отан соғысы тақырыбында тарих саласынан көптеген докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалды. Бұл диссертацияларды екіге бөліп қарастыруға болады. Олардың біріншісі – қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуына байланысты жазылған болса, ал екіншісі тылдағы қазақстандықтардың соғысқа қосқан үлесі туралы. Бірінші тақырып бойынша тек Қ.Аманжолов пен П.С. Белан ғана докторлық диссертациялар қорғаса, ал екінші тақырып бойынша Ғ.Әбішев, Т.Балақаев пен Т.С. Көлбаевтар докторлық, С.К. Утешов кандидаттық диссертация қорғады. Кандидаттық диссертациялардың ішінде соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың майдандағы ерлік істері турасында А.Алданазаров, Ә.Қалшабеков, И.Маляр, А.Мұхамеджанов, К.Стамбеков және т.б., ал тылдағы әскери экономика, өкімет органдары қазақстандық жастардың еңбектегі ерлік істері Н.Абдуллаев, М.Ақынжанов, Қ.Алдажұманов, А.Әуелбаев, Л.Балақаева, Л.Баширова, П.Белан, А.Бисенбаев, П.Букаткин, М.Бутин, В.Городецкая, А.Жұмасұлтанов, Е.Ибраев, Б.Искакова, Ж.С. Серғазиннің және тағы басқа ғалымдардың кандидаттық диссертация тақырыптарының арқауы болды.

1980 жылдардың екінші жартысынан басталған қоғамдағы оң өзгерістер мен 1991 жылғы Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялауы отандық тарих ғылымына да игі әсерін тигізді. Бұл жылдар аралығында

Ұлы Отан соғысына қатысты шынайы еңбектер мен мақалалар жарық көре бастады.

Қазақстанда жасақталған әскери құрамалар жөніндегі құжаттарды кеңінен жинақтап, жариялауда зерттеуші-ғалым П.С. Белан көп еңбек сіңірді. Ол өзінің ғылыми зерттеулерінде қазақстандықтардың Белоруссия мен Балтық елдерін, Сталинград пен Волга түбіндегі шайқастарға қатысуы, Ленинград түбіндегі, Украина мен Молдавияны, Москваны азат ету барысында Қазақстанда жасақталған дивизия, бригадалардың соғыс қимылдарын нақты түрде талдап, көрсете білді [11].

Кеңестік кезеңде жарық көре бастаған бүкілодақтық «Боздақтар» («Книга памяти») басылымының елімізде жоспарланған 97 томынан 66-сы басылып шықты [2, 40]. Бұл кітапта осы әскери жасақтардың құрамында болып, қаза тапқандардың, хабар-ошарсыз кеткендердің жалпы саны берілген. Мұнда соғыстың статистикалық бүкіл көрінісі алғаш рет ашылып, қазақстандық дивизия, бригада, полк және басқа әскер түрлерінің тарихы туралы тарихи анықтамалар ерекше сараланған.

Қазақстанның тәуелсіздік алған кезеңінде зерттеушілер кеңестік тарихнаманың түрлі мәселелерін кеңінен қарастыра бастады. Мәдениеттің зерттелуіне қатысты мәселелер Р.М. Жұмашевтың, А.Т. Қапаеваның зерттеулерінде қарастырылса, О.Х. Мұхатованың, Р.Ж. Қадысованың және басқаларының зерттеулерінде Қазақстанның кеңестік үлгідегі жаңғырту тарихнамасы жаңаша тұрғыдан қарастырылды [12].

Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысындағы ерліктері, әскери құрамалардың шайқастарға қатысуы, республика халық шаруашылығының соғыс жылдарындағы дамуы, тылдағы еңбеккерлердің ерен еңбегі, соғыс тарихына қатысты қазақстандық жеке тұлғаларға қатысты түрлі жаңаша ой пікірлер, тұжырымдар соңғы жылдары шыққан Ұлы Жеңістің 60 жылдық мерейтойына байланысты және аймақтық, республикалық, халықаралық деңгейдегі ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарының жинақтарын атап өтуге болады [13].

Соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің естеліктері Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан тарихына қатысты қызықты, сан-салалы сипаттағы мәліметтер береді. Олардың арасында ардагерлер естеліктерінің жинағы, жекелеген ардагерлердің естелік кітаптары, сонымен қатар мұрағат құжаттарымен толықтырылып, мәліметтері салыстырылып, жазылған құнды еңбектер де бар. Олардың арасында Қ.Исабай, Д.Снегин, С.Нұрмағамбетов, К.Әбеновтің естеліктерін атап өтуге болады [14]. Майдангер Кәкен Әбеновтің кітабында 100-ші және 101-ші қазақ атқыштар бригадаларының майдангерлік тағдырына, аталған бригадалардың шайқас жолдары, ондағы жалпы құрамының соғыс кезіндегі адам шығыны соңғы мәліметтермен толықтырылып, жүйелі де қызықты, тартымды тілмен баяндалған. Автордың еңбегінің құндылығы, аталған ұлттық бригадалардың Тверь облысындағы бұрын көп уақыт айтылмай келген «Марс» операциясына қатысуы туралы толық баяндайды, еңбектің соңында осы жеке құрамалардың қайтымсыз шығыны туралы мәліметтер, жауынгерлер туралы атаулар тізімін береді.

Соңғы жылдары жарық көрген еңбектердің бірі – «Қазақ жауынгері Ұлы Отан соғысы майданында. (Тарихи құжаттық зерттеу)» [15], мұнда соғыс куәгерлерінің естеліктері мен Д.А. Махат, Т.С. Каленова, С.Ш. Мұхамеджанова, А.С. Макипов, А.Н. Қашқымбаев, С.Кенжебаев, Т.С. Садықов, Б.Шарахымбай және басқа да зерттеушілердің ғылыми еңбектері берілген. Бұл соңғы уақытта соғыс тарихының біршама ақтаңдақ тұстарын айқындап берген ғылыми зерттеулерімен, ғылыми айналымға тартылған мұрағаттық деректерімен құнды.

1990 жылдардан бері қарай қорғалған кандидаттық және докторлық диссертациялардың арасында әйелдер мәселесі туралы Г.Бырбаева, С.Карпыкова, А.Қожабекова, қазақстандық әскери құрамалардың тарихын зерттеген Б.Көшербаева, соғыс жылдарындағы республика мұнай өнеркәсібінің дамуы туралы жазған Қ.С. Мұхитов және басқаларының кандидаттық диссертацияларын атап өтуге болады.

Осылайша, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан тарихының мәселелерін зерттеуде ауқымды жұмыстар жасалды. Алайда соғыс тарихының болашақта әлі де зерттеуге тиісті тұстары бар және ғылыми айналымға бұрын зерттеуге тыйым салынған құжаттар мен мәліметтерді енгізуге баса көңіл аудару қажет.

Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Қазақстан тарихына қатысты тарихи зерттеулерді саралай келе, келешекте ғылыми зерттеулердің басты бағыттарына аз уақытта ел экономикасын соғыс жағдайына бейімдеп, жауға қарсы барлық күшін төге білген партиялық кеңестік басшылықтың қызметін ұйымдастыру әдістері айналуы қажет. Себебі, бұл тақырыппен еңбек армиясы, соғыс тұтқындары мен арнайы қоныс аударылғандардың тағдырын зерттеу тығыз байланысты. Соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың майдандағы ерліктері көп жағдайда әділетті бағаланбағаны белгілі, сондықтан берілген тақырыптың ақтаңдақ тұстары әлі де толық зерттеуді қажет етеді. Қазақстандық әрбір арнайы әскери құрамалардың тарихы кәсіби тұрғыдан, яғни әскери тарих тұрғысынан зерттеу керек. Қазақстанның соғыстағы адам шығыны, хабарсыз кеткен жауынгерлер, неміс тұтқынында болып, хабарсыз кеткендер, соғыс жылдары құрылған мұсылман легиондарының тарихы, соғыс жылдары шетелдегі Қарсыласу қозғалысына қатысқан қазақтар туралы тақырып та толық зерттелмеген.

Соғыс жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуы туралы тарихи зерттеулер жеткілікті. Алайда мұнда да зерттеушілердің назарын аударатын мәселелер бар.

Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде соғыс жылдарындағы Қазақстан тарихына қатысты ақтаңдақ мәселелер бірқатар тарихшылардың еңбегінің арқасында көтеріліп, зерттеушілердің назарына ұсынылып жатыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Казахстан в первый год Отечественной войны против немецко-фашистских захватчиков / отв. ред. Абдыкалыков М. Алма-Ата: КазОГИЗ, 1943. 325 с.; История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Алма-Ата: Наука, 1943. 485 с.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. Алматы: «Атамұра», 2010. 752 б.
3. Нусупбеков А.Н. Могучий арсенал Великой Отечественной войны // Известия АН КазССР. Сер. историч. 1947. Вып. 3. С. 73-84.; Малыбаев О. Дружба, испытанная в боях за Родину.- Алма-Ата: Казгосиздат, 1955. 244 с.; Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг. Алма-Ата: Казгосиздат, 1958. 361 с.
4. Герои Советского Союза-казахстанцы: с документов и материалов. Алма-Ата: Казгосиздат, 1945. Кн. 1. 247 с.
5. Балақаев Т., Алдажұманов К.С. Историография Казахстана периода Великой Отечественной войны // В кн.: Актуальные проблемы истории советского Казахстана (к 60-летию Каз ССР и Компартии Казахстана). Алма-Ата: Ғылым, 1980. 115 с.
6. Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг. Алма-Ата: Казгосиздат, 1958. 361 с.; Балақаев Т. Колхозное крестьянство Казахстана в годы Великой Отечественной войны. Алма-Ата: Казахстан, 1971. 351 с.; Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941–1945 жж.). Алматы: Ғылым, 1985. 320 б.
7. Басин В.Я. Тяжелая промышленность Казахстана в Великой Отечественной войне (исторический очерк). Алма-Ата: Наука, 1965. 164 с.; Пинегина Л.А., Федюкин С.А. Джекказган – город меди. Исторический очерк. Алма-Ата: Наука, 1965. 149 с.; Чуланов Г. Промышленность Казахстана за годы Советской власти. Алма-Ата: КазГИС, 1951. 342 с.; Шаукенбаев Т. Урало-Эмбинский нефтеносный район. Алма-Ата: Каз ГИС, 1958. 231 с.
8. Самарин Р.И. Очерки истории здравоохранения Казахстана. Алма-Ата: Казгосиздат, 1958. 163 с.; Чокин А.Р. Очерки развития санэпидслужб в Казахстане. Алма-Ата: Казахстан, 1975. 152 с.; Жакупова М.А. Эвакогоспитали Казахстана в годы Великой Отечественной войны. Алма-Ата: Казахстан, 1985. 119 с.
9. Козыбаев М. Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Алма-Ата: Казахстан, 1964. 363 с.; Козыбаев М.К. Казахстан-арсенал фронта. Алма-Ата: Казахстан, 1970. 471 с.; Қозыбаев М.Қ. Ұлы ерлік. Алматы: Қазақстан, 1980. 156 с.; Қозыбаев М.Қ. Майдангер студенттер. Алматы: Мектеп, 1985. 105 с.; Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Заман асуы). Алматы: Ғылым, 1998. 1-ші кітап. 344 б.; Козыбаев М.К. История и современность. Алма-Ата: Казахстан, 1991. 342 с.; Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски в 2-х книгах. Алма-Ата: Казахстан, 2000. Кн. 1. 342 с.

10. Момышұлы Б. Москва үшін шайқас. Алматы: Жазушы, 2009. 327 б.; Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз: роман-диалог. 2-ші бас. Алматы: Жазушы, 1978. 359 б.
11. Белан П.С. Казахстанцы в боях за освобождение Белоруссии и Советской Прибалтики (1941–1945 гг.). Алма-Ата: Наука, 1988. 175 с.; Белан П.С. Казахстанцы в битве на Волге. Алма-Ата: Ғылым, 1990. 270 с.; Белан П.С. Казахстанцы в боях за Ленинград. Алма-Ата: Наука, 1973. 243 с.; Белан П.С. Казахстанцы в боях за свободу Украины и Молдавии 1941–1944 гг. Алма-Ата: Наука, 1981. 176 с.; Белан П.С. Участие казахстанцев в завершающих сражениях Великой Отечественной войны. Алма-Ата: Наука, 1980. 176 с.; Едыгенов Н. Участие казахстанцев в партизанских движениях в Белоруссии в годы Великой Отечественной войны. Алма-Ата: Наука, 1972. 208 с.
12. Жумашев Р.М. История культуры в отечественной историографии. Караганда: изд-во КарГУ, 2002. 246 с.; Жумашев Р.М. Очерки истории культуры Казахстана. Караганда: Гласир, 2002. 247 с.; Капаева А.Т. Культура и политика (Государственная политика в области культуры в Казахстане во 2 половине 40–80-х гг. XX в.). Алматы: Атамұра, 2004. 327 с.; Мухатова О.Х. Қазақстандағы XX ғасырдың 20–90 жылдарындағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы. Алматы: Өнер, 1999. 245 б.; Кадысова Р.Ж. Советская модернизация Казахстана (1917–1940 гг.): историография проблемы. Алматы: Ғылым, 2004. 288 с.
13. Қазақстан Ұлы Отан соғысында: тарихы, зерттеу әдіснамасы және заманауи көзқарас: Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары. I-II бөлім. Өскемен, 29–30 сәуір, 2010 ж. Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2010. 108 б.; Ұлы Жеңіс: жаңа көзқарастар және қадамдар. Жеңістің 65 жылдығына арналған халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары. Астана, 2010. 356 б.; «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында»: Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған республикалық ғылыми -теориялық конференция материалдары. Астана: ЕҰУ баспасы, 2005. 262 б.
14. Абенев К. «Операция «Марс». Казахи в «Долине смерти». Алматы: Жеті жарғы, 2010. 440 с.; Нурмагамбетов С. От огненных лет до суверенной армии: с мемуарных произведений. Алматы: Жибек жолы, 2005. 544 с.
15. Қазақ жауынгері Ұлы Отан соғысы майданында. (Тарихи-құжаттық зерттеу). Алматы: «Өнер», 2010. 640 б.